

Халықтар арасындағы
келісім мен достықтың
алтын тамыры
қазақтарға тән асыл
қасиеттерде жатыр.
Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...» 5

БІЛІМ



МЕКТЕПКЕ
ДАЙЫНДЫҚҚА ҚАНША
ҚАРАЖАТ КЕТЕДІ? 7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 23 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
840 844

II компонентпен
680 997

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

07

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



ҚАЛАДАҒЫ ЖҰМЫСТАРҒА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Алматы қаласы әкімінің
қаланы абаттандыру жөніндегі жобаларымен танысты



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы-
ға жұмыс сапары мегаполисті абаттан-
дыруға бағытталған жобалармен таны-
судан басталды.

Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшы-
сына қаланың полиорталық моделін қалып-
тастыруды көздейтін «Жаңа Алматы» бағ-
дарламасы туралы баяндады. Бұл жоба қала
тұрғындары үшін өмір сүруге қолайлы

жағдай жасап, олардың еркін демалуына
жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағыт-
талған.

Мемлекет басшысы әкімнің есебін тың-
дағаннан кейін барлық жобалар қалада
қауіпсіз орта қалыптастырып, шаһардағы
өсімдіктер қорын сақтап қалуға бағыттал-
уы қажет екенін атап өтті. Президент құ-
рылып жатқан жаңа саябақтар жергілікті

тұрғындардың демалысына ыңғайлы болуы
керек деп есептейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы қалада
жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға
берді. Қала басшысына әр ауданда тұрғын-
дардың демалысы мен еркін жүріп-тұруына
қолайлы заманауи алаңқайлар салуға көңіл
бөлуді тапсырды.

2

ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Халық әртісі Әлібек
Дінішевті «Қазақстанның Еңбек Ері»
атағымен марапаттады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мемлекет басшысы мәдениет майтал-
манын мерейтойымен құттықтап, өнерге
сіңірген еңбегін жоғары бағалап, Әлібек
Дінішевтің жарты ғасырға жуық атқар-
ған қызметіне ризашылығын білдірді.

– Қазақтың мандайына біткен ең дарын-
ды тұлғаларымыздың бірісіз. Бәріміз сізді
мақтан тұтамыз. Қазақстанда да, шет мемле-
кеттерде де өзіңізді білмейтін адам жоқ.
Әлемдік деңгейде сіздің өнеріңізді бәрі жо-
ғары бағалайды. Педагог ретінде де, қо-
ғамдық жұмыстарда да белсендісіз. Тәуелсіз
еліміздің дамуына сіңірген еңбегіңіз орасан.
Осы қызметіңізді ескере отырып, Отандық
мәдениетті дамыту мен музыка өнерін дәріп-
теудегі айрықша еңбегіңіз үшін жоғары дәре-
желі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Ең-
бек Ері» атағын беру туралы шешім
қабылданды. Мен оны лайықты шешім деп
есептеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Әлібек Дінішев Мемлекет басшысына
еңбегін бағалап, құрмет көрсеткені үшін ал-
ғысын білдірді.

– Менің шығармашылығымды бағалап,
көрсетіп жатқан құрметіңіз үшін алғыс айта-



мын. Өзіңіз айтқандай, еліміздің де, шет
мемлекеттердің де сахнасында өнер көрсетіп
келе жатқанымға 45 жыл болған екен. 70 жас-
қа толған мерейтойым қарсаңында жоғары
дәрежелі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын
беріп жатырсыздар. Шексіз ризашылығым-
ды білдіремін, – деді Әлібек Дінішев.

Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдау соңын-
да Әлібек Дінішевке денсаулық, кәсіби және
қоғамдық жұмысына табыс тіледі.

ҚЫСҚА...

- Биыл Конституция күні
мерекесіне орай
қазақстандықтар үш күн
демады.
- «Qazsport» телеарнасы
XVI Паралимпиада
ойындарын тікелей
эфирде көрсетеді.
- Алматыға Ауғанстаннан
БҰҰ қызметкерлері
мінген екінші рейс
ұшып келді.
- Халықаралық Алматы
әуежайында
қазақстандық қана емес,
шетелдік жолаушылар
да енді тегін Wi-Fi-ға
қосыла алады.
- Қазақстандықтардың
жалақысының 32%-ы
салықтар мен
аударымдарға кететіні
белгілі болды.
- Қалада жергілікті
бюджет есебінен үй
жануарларына чип
қойылмақшы.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Ресейге жұмыс сапарымен барған Мемлекет басшысы екі ел арасындағы барлық бағыттағы өзара ынтымақтастыққа жоғары баға берді



(Басы 1-бетте)

Қауіпсіздік – ең өзекті мәселе

Бұл жұмыс сапарын бұған дейін Мәскеуден бастаған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесу өткізген болатын.

Күн тәртібінде Ауғанстандағы жағдайға қатысты өңірлік қауіпсіздік, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық және интеграциялық байланыстар аясындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды. Мемлекет басшысы Ресей Президентіне Мәскеуге шақырғаны үшін алғыс білдіріп, екі ел арасындағы барлық бағыттағы өзара ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

Ресей Президенті өз кезегінде жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелеріне, қазіргі таңда ең өзекті мәселе – қауіпсіздік екеніне, әсіресе, Ауғанстандағы жағдайдың ушығып бара жатқанына ерекше мән берді. Қасым-Жомарт Тоқаев туындап отырған сын-тегеуріндерге байланысты екі ел арасындағы өзара іс-қимылдардың маңызды екенін атап өтті.

Күштік құрылымдар мейлінше ұтқыр болуға тиіс

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі жұмыс сапарын алдымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұлан құрылымының Алматы облысындағы Жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында өткен «Қайсар-2021» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларымен танысудан бастады.

Жоғарғы Бас қолбасшы әскерилер алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанның мықты мемлекет болып қалыптасуына құқық қорғау органдары елеулі үлес қосып жатқанын атап өтіп, алдағы үш жылда ішкі істер органдары қызметкерлерінің лаузымдық еңбекақысы орта есеппен 30 пайызға өсетінін, осы мақсатқа жұмсауға 100 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылғанын тілге тиек етті.

«Ұлттық ұлан сарбаздарының айлық жалақысы біртіндеп өсіп келеді. 2021–2023 жылдары офицерлердің жалақысы 70 пайызға, келісім-шарт бойынша қызмет ететін әскерилердің еңбекақысы 60 пайызға жуық артады. 2024 жылдың соңына дейін арнайы күштерде қызмет ететіндер мен келісім-шарт бойынша қызмет атқарып жүргендердің бәрі офицер шенін алады. Жыл сайын тұрғын үйге қомақты қаражат жұмсалып келеді. Қазіргі кезде 24 мың полиция қызметкері мен 13,5 мыңнан астам әскери қызметшіге тұрғын үй төлемдері беріліп тұрады. Қоғамдық

тәртіп пен қауіпсіздікті күзететін қызметкерлерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету біздің мемлекетіміздің басымдықтарының бірі болып қала береді», – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарғы Бас қолбасшы маңыз бергендей, халықаралық ахуалдың шиеленісуі жағдайында біздің күштік құрылымдар мейлінше ұтқыр болуға тиіс. Ауғанстандағы жағдайға байланысты қоғамда алаңдаушылық артып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл оқиғалар Қазақстанға тікелей қауіп төндірмейді. Алайда, белгілі бір дәрежеде қатері бар. Сондықтан біз жағдайды мұқият бақылап, кез келген сын-қатерге лайықты жауап беруге дайын болуымыз керек.

30 миллиард тенге инвестиция

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысындағы «Маревен Фуд Тянь-Шань» кәсіпорнына барды.

Компания басшылығының мәліметіне сәйкес, 4,5 гектар аумақты алып жатқан кәсіпорынға 30 миллиард теңге инвестиция салынған. Компания Жапония, Швейцария және Германиядан әкелінген инновациялық құрылғылармен тез дайындалатын азық-түлік өнімдерін шығарады. Жылына 85 мың тонна өнім шығаруға мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта кәсіпорын 500 миллион қаптама шығарса, соның 70 пайызы экспортталады. «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС 670 адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 95 пайызы жақын маңдағы елдімекендердің тұрғындары.

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді. Аймақ экономикасына 312 миллиард теңге инвестиция тартылып, 40 мың жұмыс орны ашылған. Биыл өңірде жалпы құны 112 миллиард теңге болатын 65 жоба іске асырылып жатыр. Президенттің былтырғы Германияға жасаған сапарының нәтижесінде «Бауманн» компаниясы ұсақ мал етін өңдейтін қуаты 30 мың тонналық «Жетісу қой» жобасын қолға алғаны айтылды.

Инвестициялық жобаның құны 94 миллион доллар

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында Іле ауданындағы «Лубриконтс Орталық Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жағармай шығаратын зауытында болды.

Мемлекет басшысына жұмыс барысы мен шығарылатын өнімдер көрсетілді. Сонымен қатар, кәсіпорынның қазіргі жұмысы

мен технологиялық тұрғыдан жаңғырту жоспары туралы ақпарат берілді. Жобалық қуаты жылына 100 мың тонна жағармай өндіретін зауыт 225 адамды жұмыспен қамтып отыр. Инвестициялық жобаның құны 94 миллион доллар.

Өңірдің 17 ауруханасы өттегі станцияларымен қамтамасыз етілген

Өңірдегі «Dolce» кәсіпорнында Мемлекет басшысына компанияның жұмысы мен шығаратын өнімдері туралы мәлімет берілді, облыстағы денсаулық сақтау саласының жағдайы туралы баяндалды.

Алматы облысында коронавирускқа қарсы іс-шаралар аясында қысқа мерзімде 200 төсектік жұппалы аурулар ауруханасы салынып, 180 «жедел жәрдем» көлігі және 12 жылжымалы медициналық кешен сатып алынған. Облыстың 17 ауруханасы өттегі станцияларымен қамтамасыз етіліп, төсек-орындардың 45 пайызы оксигенотерапиямен қамтылған. 17 компьютерлік томограф, 53 рентген, 75 Хай Флу, 606 желдету аппараты жұмыс істеп тұр.

Сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдар талқыланды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда бейнебайланыс арқылы өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты.

Мемлекеттер басшылары Ауғанстандағы жағдай және оның Ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне тигізетін әсері туралы пікір алмасты. Сондай-ақ, Орталық Азия аймағындағы сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдарды талқылады. Қазақстан Президенті өз сөзінде барлық сын-қатерлерді, соның ішінде терроризм мен экстремизмнің таралуы, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз саудасының артуы, заңсыз көші-қон, босқындардың жаппай қозғалысы, аймаққа деструктивті элементтердің енуі секілді мәселелерді кешенді түрде қарастыру керек екеніне назар аударды.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және Ұйымның шұғыл әрекет етуіне бағытталған бірқатар ұсыныс айтты. Мемлекет басшысы Ауғанстандағы гуманитарлық және азық-түлік дағдарысының алдын алу аса маңызды екенін де атап өтті.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы биыл 16 қыркүйекте Душанбе қаласында өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматылықтардың
95%-ы
онлайн-қызметті
пайдаланады.



Өткен жылы мегаполисте
Smart city
бағыты бойынша
27
жоба жүзеге асырылды.



Ағымдағы жылдың бірінші
жартыжылдығында
12,3 мыңнан
астам автомобиль
шығарылды.



Биыл газбен және электр
қуатымен жүретін
500
қалалық қоғамдық көлік
сатып алу жоспарда бар.



Жыл соңына дейін Алматыда
16
өндірістік нысан іске
қосылады.

ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Еліміздің Премьер-Министрі Асқар Мамин Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жобалық кеңсе отырысын өткізді.

Жеңілдікті несие беру бағдарламалары мониторингінің нәтижелері, мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын әзірлеу бойынша бизнеске жүргізілген сауалнаманың аралық қорытындылары, «Ashyq» жобасын іске асыру, микроқаржы ұйымдары мен өңірлердің экономикалық картасы мәселелері, мемлекеттік сатып алулардағы, «Самұрық-Қазына» ҰӘК-ның және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті қамту мәселелері қаралды.

БЖК–2025 бағдарламасын іске асырудың оң қарқыны байқалады. Осы жылдың қаңтар–шілде айларында 408,3 млрд. теңге сомасына шамамен 14 мың жоба субсидия-

ланды, субсидиялардың жалпы сомасы 47,7 млрд. теңгені құрады.

Отырыс барысында «Ashyq» жобасын одан әрі дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта оған қатысушылардың саны 111 мыңнан асады. Олардың жартысынан көбі сауда, тамақтану және білім беру салаларында қызмет көрсетеді. Карантин талаптарын бұзушыларды анықтау жобаға қатысушылардың санын арттыру есебінен 15 есе өсті.

Бизнес субъектілерін қамтуды одан әрі ұлғайту мақсатында «Ashyq»-қа қатысуға өтінім беру және QR-код алу тәртібі жеңілдетілді.

Үкімет басшысы Денсаулық сақтау министрлігіне «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп «Ashyq» жобасына қатысушыларға

демалыс күндері жұмыс істеуге мүмкіндік беру мәселесін пысықтауды тапсырды.

«Атамекен» ҰКП-ға орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бизнесті Мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру үшін заңнамаға енгізілетін қажетті өзгерістерге талдау жүргізу, сондай-ақ тиісті тәсілдер мен критерийлерді дайындау тапсырылды. «Өңірлердің экономикалық картасы негізінде Мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың бірыңғай тізілімін құру бизнесті қолдау шараларының барлық спектрінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және талдау сапасын арттыруға мүмкіндік береді», – деді А.Мамин.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

— Осы қызметіме дайындалу кезінде қазақ тілін аса қызығушылықпен оқыдым. Енді қазақ тілін Қазақстан халқымен байланысымызды тереңдетіп, екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін қолдануға асықпын. — деп атап өтті ол.



СПОРТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ


ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ
Бұқаралық спортты дамыту – басты міндетАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Бұқаралық спортты дамыту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алға қойған басым бағыттарының бірі. Биыл Алматыда заманауи спорт нысандары көптеп салынбақ. Осыған байланысты тамыз айының басында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жыл басынан бері салынып жатқан спорт нысандарын аралап, халыққа қолжетімділігі мен кешендердің дайындығын тексерген болатын.

Бүгінде мегаполисте бұқаралық спортты дамыту және кәсіби спорт командаларын даярлау мақсатында спорттық инфрақұрылым белсенді қарқынмен жаңартылып, нығайтып келеді. Алматы велоспорт федерациясының қаражаты есебінен Орталық мәдениет және демалыс саябағында осы спорт түрін танымал ету мақсатында велотрек инфрақұрылымын жаңғырту жүргізілуде. Аталған жұмысты аяқтау мерзімі жыл соңына дейін жоспарланған.

Жаңартылған велотрек балалар, жасөспірімдер спортын және кәсіби спорттың дамуын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, барлық халықаралық талаптарға сай келетін велотрек мегаполисте жарыстар күнтізбесін кеңейтуге ықпалдасады.

Қала басшысы іссапар барысында халықаралық шаңғы трамплиндері кешеніндегі жаңа құрылыстар барысымен де танысты. Биыл аталған кешенде бейімдеу-жаттығу орталығы, спорт залы және жабық бассейн салынады. Әмбебап спорт залы 580 орынға арналған. Спорт кешенінде күрес, футбол, волейбол, баскетбол, көркем гимнастика және басқа да спорт түрлерімен айналысуға болады. Сондай-ақ, жартылай олимпиадалық қашықтыққа есептелген, көлемі 25-тен 16




м.-ге дейінгі 6 жолақты жабық жүзу бассейні салу жоспарланған. Спорт кешенінде тренажер залы да қарастырылған.

Бостандық ауданына қарасты Гагарин саябағының солтүстігінде «Champion» жеке қорының қолдауымен қазіргі заманғы спорт кешенінің құрылысы басталды. Онда тұрғындардың осал тобына спортпен айналысуға мүмкіндік қарастырылған. Аяқтау мерзімі келесі жылға жоспарланып отыр.

Бүгінде Алматыда 3400-ге жуық спорт ғимараты, оның ішінде 12 стадион, 14 спорт кешені және 12 спорт сарайы жұмыс істейді. Сондай-ақ, мегаполисте құрама командалардың 5 оқу-жаттығу орталығы, 3 шаңғы базасы, 12 атыс тирі мен атыс алаңы, велотрек, секіруге арналған трамплин, 6 хоккей корты, конькимен жүгіру стадионы орналасқан. 2671 тегіс ғимарат, 102 теннис корты, ипподром, 10 спорт манежі, 51 бассейн, 483 спорт залы, 12 кіріктірілген спорт кешені тұрғындарға қызмет етеді.

Оларды ұлғайту үшін ағымдағы жылы жергілікті бюджет есебінен қаланың шетінде 6 денешынықтыру-сауықтыру кешені және жалпы ауданы 38 мың шар-



шы метр теннис орталығы салынады. Жалпы, тығыздығы тәулігіне 5250 адамға дейін, спорт секцияларының саны – 150-ді құрайды. Бюджеттен тыс қаражат есебінен 5 жаңа спорт нысанының құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде ДСК, үстел теннис орталығы, күрес кешені қарастырылған. Сонымен қатар, ҚазҰУ аумағында әл-Фараби теннис орталығы салынды. Бұл нысандарда спорттың 15 түрі бойынша 70-тен астам спорт секциялары ашылды.

Сондай-ақ, Алатау ауданында 14 кортқа арналған ірі теннис орталығының құрылысы жүргізілуде, онда бір мезгілде 430 адам айналыса алады. Бұл олимпиадалық резерв мектебі болып табылады. Онда инфрақұрылымның әр элементі болашақ чемпиондарды даярлауды ескере отырып жасалады.

Бүгінде жастарды салауатты өмір салтына баулу мақсатында қаланың сегіз ауданында спорттық секциялар мен үйірмелер бар және 50 демалыс орталығы жұмыс істейді. Онда 5 мыңнан астам жас алматылықтар тегін жаттығады. 2023 жылға қарай олардың санын 200 нысанға дейін арттыру жоспарлануда.

Елдос ЖҰМАҚАНОВ,
дзюдошы, Азия чемпионатының
қола жүлдегері:

ТЕК ҚУАНАМЫЗ!

Алматыдағы салынып жатқан нысандардың қарқынына қатты қуанамын. Әсіресе, денешынықтыру-сауықтыру орталықтарының ашылуы көптің тілегі деп білемін.

Қазіргі технологиялар дамыған заманда балаларды, жасөспірімдерді бір уақыт телефоннан алыстатып, көңілін аулау қиынға соғып кетті. Ал осы спорттық кешендер балалардың уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуінің бірден-бір жолы. Меніңше, қаланың шеткі аудандарына көптеп салынғаны дұрыс. Әрі ол спорттық орталықтардың тегін қызмет көрсетуі нұр үстіне нұр болады. Себебі, спорттық нысандар қазір қала орталығында өте көп. Ал алыс аудандардан баланы күнделікті тасып отыру кейбір ата-аналарға ауырлық туғызады. Көпбалалы, жағдайы төмен отбасыларға да қолжетімді болуы тиіс. Себебі, олардың арасынан қаншама чемпиондар шығуы мүмкін. Шаһар билігінің көздеп отырғаны да осы деп түсінемін. Тек мұнымен тоқтап қалмай, осындай бастамалардың жалғасын табуы бізді тек қуантады.

Нариман ҚҰРБАНОВ,
гимнаст, Универсиада
ойындарының күміс жүлдегері:ЧЕМПИОНДАРДЫҢ
КӨБЕЮІНЕ
ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

Қазіргі таңда Алматыда спорттық нысандар көптеп салынууда. Ол туралы шаһар басшысы Б.Сағынтаев та өз сөзінде айтып өтті. Денешынықтыру-сауықтыру орталықтарының салынуы бізді қуантып жатыр. Бұл Алматы қаласы инфрақұрылымының дамуына, қала тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына көп септігін тигізеді. Сонымен қатар, біздің болашақ чемпиондардың шығуына да әсер етеді. Біз, Алматы қаласының спортшылары, Көк Туымызды желбірететін болашақ ізбасарларымыздың көп болғанын қалаймыз. Талантты, қабілетті жастардың дамуына қолайлы орта туғызу өте маңызды. Осы орайда қала басшылығы небір бастамаларды көтеріп жатыр. Қаладағы шеткі аудандарға көңіл бөліп жатқаны өте орынды деп ойлаймын. Ойткені, қаланың шет жағында халық көп, балалардың дамуына мұндай орталықтар аса қажет.

Бокс клубы ашылды

Онда аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары тегін қатысып, жаттыға алады

Спорт нысанының ашылуына белгілі былғары қолғап шебері, олимпиада чемпионы Данияр Елеусинов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Бокс клубын Айдос Кеспер есімді азамат ашқан. 10 жылдан бері армандап келе жатқан спорт нысанының ашылуына оның қолдаушылары мен туыстары қолдау білдіріпті. Клуб ерекшеліктерінің бірі мұнда көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мен балалар үйінің тәрбиеленушілері тегін жаттыға алады. Яғни 8-ден 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін есік ашық.

Бокс – адамның мінезі мен еркі шыңдалатын ерлік мектебі. Оқу-

шылар үшін басты шарт – жеңіл-мейтін сенім мен қажырлы еңбек. Ал бапкерлер жұдырықтасудың қыр-сырын білгісі келетін жастарға жауынгерлік дағдыларды дамытуға және техникалық тәсілдерді үйретуге дайын. Одан бөлек, белгілі боксшы Данияр Елеусинов ринг заманауи стандарттарға сай болғанымен залды қосымша жабдықтау керектігін айтады.

Бокспен айналысатын спортшылар үшін клуб таңғы 08.00-ден кешкі 21.00-ге дейін жұмыс істейді. Залға ақылы барғысы келетіндер үшін де есік қашан да ашық әрі қолжетімді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Бетперде тағудың да
ережесі барРая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласы әкімшілігінің баспасөз қызметі мектептер мен басқа да оқу орындарында бетперде тағу ережелерінің бекітілгенін хабарлады.

Бекітілген ережеге сай, барлық оқушылар (студенттер) бетперде ережесін қатаң сақтауы керек. Бетпердені асхана мен дене шынықтыру сабағынан басқа кез келген уақытта тағуға міндетті.

Бетперде тағу тәртібі «Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынудары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды

ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» («27 мамыр 2021 ж. № ҚР ДСМ-47) санитарлық ережелермен реттеледі.

Санитарлық ережелердің 54-тармағында ашық аспан астында және халықты қабылдауға, қызмет көрсетуге және демалуға арналған бөлмелерде, қоғамдық көліктерде медициналық немесе матадан тігілген бетперде кию міндетті екені жазылған. Ережеге сай, бетперде тағудан:

– 5 жасқа дейінгі балалар;

– қоғамдық тамақтану орындарында тамақ ішіп отырған адамдар;

– әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, жеке, топтық спортпен айналысатын адамдар ғана босатылған.

ИННОВАЦИЯ

Серік
ЖҰМБАЕВ

Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуы жылдан-жылға жақсарып келеді.

Инженерлік, көлік және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту, білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік және инвестициялар тарту, қоршаған ортаны қорғау мен қаланы газдандыру мәселелері оң шешімін табуда. Әсіресе, Алматы агломерациясын дамыту және 2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» кешенді жоспарын іске асыруға ерекше ден қойылған.

Алматы – елдің ЖІӨ-нің бестен бір бөлігін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында жетекші орынға ие қала. Мегаполистің одан әрі дамуының айтарлықтай әлеуеті бар. Жаңа жұмыс орындарын ашу, қала тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әлауқатын арттыру, Алматы агломерациясының инфрақұрылымын және жалпы экономикасын дамыту үшін барлық жағдай жасалып келеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Алматыда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 4,6%-ға, 1,052 трлн. теңгеге дейін өсті. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 6,9%-ға, машина жасау – 35,8%-ға, фармацевтика – 43,5%-ға, қағаз өндірісі – 95,6%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 5 есе өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 17,2%-ға, 971,2 млрд. теңгеге дейін арттырылды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 402,7 млрд. теңгені құрады (+10,6%), 2,4 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді (+14%).



2021–2024 жылдары Алматыда жалпы құны 4,5 трлн. теңге болатын 35,4 мың жаңа жұмыс орнын құрумен 201 инвестициялық жобаның жоспары құрылды. Биылғы жылы 187,9 млрд. теңгеге 7 мыңнан астам жұмыс орнының ашылуымен 92 жоба жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қалада 16 әлеуметтік жоба қолға алынды. Оған 57,6 млрд. теңге көлемінде инвестиция бөлінді. Бұл тізімге әл-Фараби даңғылындағы балет театры, Әзірбаев көшесіндегі спорттық және медициналық орталық, Д.Қонаев атындағы академияның жатақхана-сы кіріп отыр. Сондай-ақ, сауда мен қызмет көрсету саласындағы 19 жобаға 38,7 млрд. теңге инвестицияланды. Инвестициялар «Holliday Inn Express», «Novotel», «Ibis» қонақүйлеріне, бизнес орталықтарына, сауда желілерінің жаңа филиалдарына, «Арлан», «Сарыарқа» базарларына және т.б. бағытталған.

Онымен қоса, биыл жалпы құны 128,6 млрд. теңгені құрайтын

19 инвестициялық жоба жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн. Қаражат спорт пен өнер орталығы бар «High Tech Academy» инновациялық мектебіне бағытталған. Онда 70 жұмыс орны ашылды. Инвестициялардың арқасында 165 жұмыс орнын құрумен Индустриалды аймақ аумағында автоклавты газдалған бетон шығаратын Хельмер медициналық-оңалту орталығы пайда болды.

Қалай десек те, ірі мегаполис сыртқы инвестициялар үшін тартымды шаһар болып қала береді. Бұл көрсеткіш бойынша Алматы сөзсіз көшбасшы екенін атап өткен жөн. Оның үстіне, Алматыда шетелдік инвесторларды тарту үшін жақсы әлеует қалыптасқан. Қала Қытайдан Батыс Еуропаға, Азиядан Ресейге тауар айналымының көлік қиылысында орналасқан. Яғни ЕАЭО-да ірі өткізу нарықтары, экспорттық әлеует және Азия мен Еуропа нарықтарына шығу мүмкіндігі бар.



#QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Серік НҮРКЕНОВ,
«Болашақ» бағдарламасының түлегі:

— Әр ұлттың арманы, әр елдің мақсаты — өзінің Тәуелсіздігін алу, жеке дара мемлекет құру. Биыл туған елімнің Тәуелсіз мемлекет мәртебесін алғанына — 30 жыл! Оның әлеуетін пайдаланып, келешекке нық кадам жасау үшін бізге, жастарға

артылар үміттің зор екендігі айтпаса да түсінікті. Тәуелсіз елдің жас ұланы ретінде күн сайын қарыштап дамып келе жатқан бейбіт мемлекетте туып-өскенімізге қуаныштымын! Әр кезеңде, ел басына күн туғанда Елбасының сындарлы саясаты мен нақты шешімдерінің арқасында бүгінге дейін Қазақстан түрлі жағдайларды еш қиындықсыз басынан өткерді. Қазақстан мемлекетінің барын бар әлемге паш етіп, біздің ынтымақта дамып келе жатқан елімізді әлемдік деңгейге жеткізді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігімен қатар келген қуаныштың бірі — Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойылуы. Дүйім жұртқа залалын келтірген ядролық қарудан әлем елдері арасында бірінші болып бас тартты. Тәуелсіздіктің қалай келгенін, ең басты құндылық — тарихымызды, ата-бабамыздың осы бостандық жолында құрбан болғанын біз еш уақытта ұмытпаймыз.



Нүргүл ТАЛҒАТБЕКОВА,
«Қайырымды жастар» ұйымының мүшесі:

— Биыл Қазақстанның Тәуелсіздігіне — 30 жыл! Аз ғана уақыт ішінде еліміз басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде болатындай жетістіктерге жетті. Ол, әрине, әуелі Алла, одан кейін — елдің ертеңін ойлаған қайраткерлеріміздің арқасы. Менің бұл өмірдегі ең басты жетістігім — қазақ деген ұлы елдің перзенті болып дүниеге келгенім шығар. Ал қалғаны атаның қанымен, анамның сүтімен бойыма дарып, нәтижесін берді деп ойлаймын. Ол нәтижені атап өтсем, білікті маман иесі атандым, таңдаулы ЖОО-ның біріне грантқа түстім, еңбекте де күш-жігерімді салып, белсенді жастар қоғамының бір мүшесі болып жүрмін. Жетістік деген соң, әрине, жеке адамның өзіне ғана емес, тұтас бір жұртқа пайдасын берсе, ол нағыз жетістік болып табылады. Міне, Тәуелсіз еліміздің жастарының арасында да сондай жандардың барын байқап жүрміз және біз, жастар, атадан балаға мирас болып қалған Тәуелсіздіктің тұғырын биік ұстаймыз деген сенімдемін.



Нұрбол СЕРІКБАЙ, студент:

— Ықылым заманнан бері қазақ жеріне кімдер келіп, кімдер өтеді десеңізші! Осы күнімізге қарап ұлтарактай жер үшін жан берісіп, қан төгіскен ата-бабаларымыздың еңбегі еш кетпеді деп айтуға болады. Олардың Алтай мен Атыраудың, Алатау мен Торғай, Сарыарқаның арасын жортып жүріп қорғап, бізге мирас етіп қалдырған жері қастерлі де айнымас мұра болмақ. Алаш арыстарының да аңсаған арманы осы еді. Олар да халқының басына бейбітшілік орнап, бағы мен бабы жарасқан ел боларын армандаған-ды. «Қайтсек те осы елді азат етеміз», «қайтсек еркіндікке қол жеткіземіз» деді. Міне, сан ғасырлар армандап сарылтқан Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өзінің Әнұраны, Туы және Елтаңбасы бар дара, тәуелсіз елге айналдық. Мемлекетіміз ширек ғасыр ішінде талай жетістіктерге қол жеткізіп, әлемнің назарын өзіне қаратқан елге айналды. Бұл — біз үшін зор мәртебе.

Әзірлеген
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

АЙБЫНЫ АСҚАҚ АЗАТ ЕЛ



Тәуелсіздік – Жаратқанның сыйы

Асан қайғы бабамыздың шартараптан іздеген жерұйығына бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның азаматтары куә болып отырғанына ешкім дауласа қоймас. Кезінде 1991 жылы «ең тұрақсыз ел болады» деп сәуегейлік танытқандар бүгінгі Қазақстанның 30 жылдағы толағай табыстарын жоққа шығара алмайды.

Негізі, кезінде айбарлы сақ, ғұн, түркі, Шыңғыс қаған, Алтын орда империялары салтанат құрған Қазақ ордасы да әлмисактан азат ұлт, еркін халық болды. Көшпелі қазақ — өз аты

айтып тұрғандай, ежелден Құдайдан басқаға бағынбайтын, еңселі жұрт. Демек, есте жоқ ескі заманнан ежелгі ұлыс екенімізді ескерсек, Тәуелсіздік бізге — әу бастан-ақ Құдайдың берген сыйы. Олай болса, әмбебап Тәуелсіздігіміз отарлық бұғауын үзген кезден емес, әлмисактан ұлыс ретіндегі қанға сіңіскен бекзат болмысымыздан, төл табиғатымыздан басталады деп түйсінуге болады. 1991 жылы қол жеткізген Тәуелсіздігіміз сол табиғат берген ілкі һәм заңды Тәуелсіздігімізді айғақтайды.

Әділетсіз отаршылдықпен қол сұғылған Тәуелсіздігіміз үшін қаншама баһадүр бабаларымыз шейіт кетті, қаншама асқақ армандар тұншықтырылды. Тағдыр азаттықты аңсаған ата-бабаларымыздың маңдайына Тәуелсіздікке жету миссиясын жүктесе, ал бүгінгі ұрпаққа, яғни Сіз бен бізге Тәуелсіздікті баянды ету жауапкершілігін арқалау парыз етіліп отыр. Ендеше, Алаш баласы, сіздің миссияңыз — бабадан аманат болған Тәуелсіздікті сақтау, мәңгілік мұра ету.

Ұлттық құндылықтар ұлықталды

Кез келген елге егемендік алу оңай емес, ал оны ары қарай дамыту, ел еңсесін тіктеу одан да қиын. Сондықтан бүгінгі жастардың алдында Тәуелсіздікті қорғау, татулықты сақтау, ынтымақ пен берекені нығайту секілді аса күрделі істер күтіп тұр. Бүгінгі ұрпақ мұны ұмытпауы тиіс.

Өткен 30 жылда ел іргесі бекіп, шекарасы заң жүзінде шегеленді. Тағдырдың талайымен әлемге тарыдай шашылып кеткен қандастарымыз қара шаңыраққа қайта оралды. Әлемнің алпауыт елдерімен терезесі тең жағдайда әріптестік қарым-қатынас орнататын жағдайға жеттік. Ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала бастады. Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды даму жолына түсті. «Мәдени мұра» бағдарламасы бұған үлкен серпін берді. Әлемнің түкпір-түкпірінен қазақтың мәдениеті мен тарихына қатысты 5000-нан аса қолжазба мен көшірмелер әкелінді. 700-ден астам тарихи ескерткіш-

теріміз қалпына келтірілді. «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» жарыққа шықты, қазақ халқының көптеген кемеңгерлерінің, философтарының еңбектері қайта басылды. Мұның өзі — біле-білген адамға зор жетістік.

Қалай десек те, жұртшылық Тәуелсіздіктің қалай келгенін ұмытпауы тиіс. Ол ұлттың жадында терең сақталып, құрметтелуі шарт. Кейбір жаһанда орын алып отырған жайттарға үңілсек, Тәуелсіздіктен айырылу да оп-оңай болатынын байқайсыз. Соны ойлап, Тәуелсіздіктің қадірін, тағылымын түсірмей, маңызын жоғалтпаған ұрпақ қана сондай қасиетті сақтап қалатыны сөзсіз. Қазір қазаққа көз салып отырған жау жоқ емес, бар. Сол тұрғыдан, қазақ ұлылығын мәңгіге сақтаса екен. Біз — ұлы халықтың ұрпағымыз, ұлы мемлекеттердің, ұлы империяның жұрнағымыз. Қайтадан сондай болуымыз керек, ұмтылысымыз да, мұратымыз да сол болғаны абзал.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ербол ТҰРАЛЫҰЛЫ,
қала тұрғыны:

ЕЛДІҢ ДАМУЫ АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

Тәуелсіздік ауыз толтырып айта-тын табыстарға қол жеткізді. Ендігі мақсат — осы орында тұралап қалмай, алға қарай дамуымыз қажет. Біріншіден, кез келген өркениетті елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайының мықты болуы ортаңғы таптың қалыптасуына байланысты. Бұл тап елімізді әлі де болса саяси, экономикалық жағынан еркіндікке жеткізер еді. Екіншіден, алда ауылды өз қолы өз аузына жететін деңгейде ұйымдастыру міндеті тұр. Үшіншіден, шет елден келіп жатқан қазақ диаспорасы өкілдеріне көзқарасты арттырып, олардың елге келу тетіктерін жетілдіруіміз қажет. Төртіншіден, біздің демографиялық ахуалымызға үлес қосатын келіншектерімізге деген әлеуметтік қолдауды көбейткен дұрыс. Бесіншіден, қоғам мемлекеттік тілді толық меңгерген деңгейге жеткеннен кейін барып қалған тілге ден қойған жөн.

Талғат ТОБАҒАБЫЛОВ,
тарих ғылымының магистрі:

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ КӨП КӨҢІЛ БӨЛІНУІ КЕРЕК

Алдағы кезеңде біз егемендікпен келген бар нәрсеге ие болуымыз керек. Ие болатын — жастар. Бостандықты қамтамасыз ететін бірнеше фактор бар. Олар: қаржы, әскери қауіпсіздік, тағы басқасы. Соның ішінде мәдени факторға айрықша көңіл аударуымыз керек. Бұл, әсіресе, жастардың тәрбиесіне байланысты. Меніңше, ендігі кезеңде ұлттың тарихына, мәдениетіне бұрынғыдай ер-азаматтар емес, қазақтың қыздары жауапты болуы тиіс. Өйткені, баланы табатын, тәрбиелейтін, үйде үлгі көрсететін — солар. Ал біз қазір ескі инерция бойынша ер-азаматтардың жайын көп айтамыз. Егемендікті алып берген еркектер десек, егемендікті сақтап қалуға атсалысатын әйелдер ме деп ойлаймын. Мүмкін, тарихтың басқа бір кезеңінде ерлер қайтадан өз миссиясын орындай жатар.

Бақытжан НҮРЛАНҰЛЫ,
заңгер:

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯҒА ДЕН ҚОЙЫЛСА...

Еліміз әлемнің ең мықты 50 елінің қатарында болуға тырыса береді. Бірақ қару жағынан күшті ел болуға ұмтылудың қажеті жоқ. Есесіне, білім, адамгершілік мәселесіне көңіл бөлген жөн. Өйткені, адамның ең басты мақсаты — өмір сүру. Ал өмір сүру үшін тағам керек, киім керек, үй жағдайы керек, саясат пен білім де қажет. Бірақ осының бәрі болуы үшін, қоғам оң дамуы үшін жастар жігер-күшін Отанына арнауы керек. Бұрынғы Кеңес үкіметін қанша кінәласақ та, ол кезде патриоттық сезім мықты болатын. Бір жерде, бірлікте өмір сүру идеясы күшті еді. Осы ұлттық идеологияны жалғастыра алмай келе жатырмыз. Соған ден қойылса деймін. Өйткені, бәрі жастардың ісіне тәуелді ғой, олар түрлі теріс бағыттарға бұрылып кетпеуі керек.



БІЛІМ

ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТ – САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

1 қыркүйекте еліміздің мектептерінде үш миллионнан астам бала дәстүрлі оқу жүйесінде білім алатын болады. Оқушылар биылғы оқу жылына қаншалықты дайын? Сараптап көрелік.



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Оқу процесін ұйымдастыру

1 қыркүйектен бастап барлық оқушылар күндізгі форматта оқиды. Алайда, мектеп ішіне тек «Ashyq» қосымшасы арқылы кіруге рұқсат етіледі. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, бұл ауру жұқтырған және байланыста болған адамдарды анықтау мен педагогтардың, қызметкерлер мен ата-аналардың, оқушылардың қауіпсіздігін сақтау үшін қажет. Ал балаларға QR кодын сканерлеудің қажеті жоқ.

Барлық оқытушылар мен қызметкерлерге ертеңге, яғни 25 тамызға дейін екпе алу тапсырылған.

Білім министрлігі оқу орындары үшін жаңа ережелер әзірледі. Мектептерде келесі сақтық шараларын ұстану қажет:

- оқушыларға да, мұғалімдерге де үнемі беттерде тағу;
- қызметкерлер мен білім алушылардың температурасын өлшеу;
- қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, сынып бөлмелеріндегі ауаны кварцтау және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу;
- мекемелерді дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың санына қарай жұмыс режимі мен ауысымдылығын алдын ала анықтай отырып, әлеуметтік қашықтықты сақтап, оқу процесін ұйымдастыру;
- әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, оқушыларды асханаларда кемінде екі метр аралықта отырғызу;
- сыныптарда бір мезгілде 40–50%-дан аспайтын адам болуға тиіс;
- дәліздерде және буфеттерде балалардың көп жиналмауы үшін асханаларға бару кезеңін әртүрлі уақытта ұйымдастыру;
- білім алушылар мен қызметкерлер арасында беттерде режимін сақтауды қамтамасыз ету;
- бір сынып басқа кабинетке ауыспай бір кабинетте оқуы керек;
- бұқаралық, мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуді шектеу;
- санитарлық талаптарды ескере отырып, сабақ кестесін құру.

Білім және ғылым министрінің мәлімдеуінше, оқу процесі 5 күндік болып енгізілген. Алайда, егер жекелеген оқу орындарының оқу барысы 5 күндік форматқа сәйкес келмесе карантиндік шектеулерді ескере отырып, сенбі күндері сабақ өткізе

алады. Мұндай жағдайлар мектептерде елімізде бұрын да орын алған.

Алғашқы қоңырау қалай өтеді?

2021-2022 оқу жылында қазақстандық оқушыларға оқу формасы міндеттелмейді. Форма кию құпталыады. Егер ата-анасының сатып алуға мүмкіндігі болмаса, балалар мектепке іскерлік стильдегі киіммен бара алады.

1 қыркүйекте оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі жиындар ашық ауада өтеді. Алғашқы қоңырау жиынында 1-сынып оқушыларына «Әліппе» табыс етіледі.

1-сынып оқушылары I және II тоқсанда «Әліппемен» танысып, III тоқсаннан бастап «Ана тілі» кітабы бойынша білім алады.

Мектепте коронавирус анықталса не болады?

Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус анықталған жағдайда жекелеген білім беру объектілерінің оқушыларын қашықтан оқыту нысанына қайта қайтару мүмкін екенін айтады.

Алдымен мұндай мектептерде бір инкубациялық кезеңдегі (14 күн) жағдайлардың санына байланысты карантин енгізіледі. Кейін ауру жұқтыру деңгейі артатын болса, оқу онлайн-режимге көшіріледі.

Білім министрлігі 2021-2022 оқу жылына арналған демалыс уақыттарының басталу уақыты мен ұзақтығын енгізді:

- оқу жылының басы – 1 қыркүйек;
- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2–11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы.

- Күзгі демалыс уақыты – 7 күн (1–7 қарашаны қоса алғанда), қысқы демалыс – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі демалыс – 12 күн (2022 жылғы 19–30 наурызды қоса алғанда);

- бірінші сыныптардағы қосымша демалыс – 7 күн (2022 жылғы 7–13 ақпанды қоса алғанда).

1 қыркүйектен бастап 7475 қазақстандық мектеп оқушыларды дәстүрлі оқу процесіне қабылдайды. Онда 3,4 миллион бала оқитын болады. Жазғы кезеңде оқу орындарында ағымдағы жөндеу жұмыстары, оның ішінде 263 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.



АТА-АНА ПІКІРІ

**Гүлжанат БАЙҒАБЫЛҚЫЗЫ,
қала тұрғыны:**

Қауіпсіздікті сақтау керек

Биыл кенже қызым 11-сыныпқа қадам басып жатыр. 9-сынып аяқтаған кезде карантин басталып, онлайн форматқа көшкенбіз. Сол себептен 10-сыныпта білім деңгейін сәл төмендетіп алды. Бәрібір сыныпқа барып, білім алғанға жетпейді. Үйден оқыған кезде көптеген

оқушылар сабақтарына немқұрайлы қарап, жауапкершіліктен шектеліп қалды. Сол үшін мен дәстүрлі формат – сапалы білімге жетелейді деп айтар едім. Оқушылар мектепке барып оқиды дегенде қызымның өзі қуанып қалды.

11-сынып жауапкершілікпен қарайтын уақыт. Алдыда ҰБТ бар. Сондықтан мектепке барып, сапалы білім алғанына біз шынымен қуаныштымыз. Сол үшін екпе қабылдап, қауіпсіздікті сақтау керек деп ойлаймын.

**Күнзада ЖАРЫЛҚАСЫН,
қала тұрғыны:**

Сабақтың офлайн болғаны қуантады

Биыл немерелерім алғаш рет мектепке барады. Енді олар мектеп табалдырығын аттап, бұрынғы дәстүр бойынша білім алса екен дейміз. Отбасымның, немерелерімнің қауіпсіздігі үшін вакцина да қабылдадық. Себебі, аралас оқу болсын, онлайн оқу болсын мектепке тікелей барып білім алуға жетпейді. Көп уақыттары компьютер, телефон шұқылаумен өтіп жатыр. Оны балалардың

оқу үлгерімінен және жыл соңындағы алған бағаларынан байқадық. Сонымен қатар, балаларымыз кейбір үйірмелерден де қалып қойды.

Мысалы, домбыраны онлайн оқытқаннан еш нәтиже шықпайтынына көзіміз жетті. Пандемия басталмас бұрын бір немерем домбыра үйірмесіне барып, жақсы нәтижеге жетіп еді. Карантин басталғалы үйірмелері де тоқтап қалды. Сондықтан барша отандастарыма айтарым, санитарлық талаптарды қатаң сақтап, індетті бірге жеңейік. Бұл әрқайсымыздың әсеке басымыздың тиянақтылығына байланысты.

ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС

МЕКТЕП ФОРМАСЫ

Пікірталас нысанына айналды



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Қазір қоғамда мектеп формасына қатысты қызу пікірталас жүріп жатыр. Ең бастысы, ата-аналар балаларының мектеп формасын киіп, оқушы бейнесінде жүргенін қалайтындарын айтып, дабыл қағуда. Осы ретте ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің өзі де оқушылардың сабаққа мектеп формасымен барғанын қолдайтынын білдірді.

«Мектеп формасы керек емес деп алып тастады деген ақпарат шығып жатыр. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Біз оқушылардың мектеп формасымен сабаққа келгенін құптаймыз. Бірақ пандемия салдарына байланысты мектеп формасымен келуге мүмкіндігі болмаса, яғни сатып ала алмаса, басқа да дәлелді себептері болса ғана оларға классикалық үлгідегі

киіммен сабаққа келуге рұқсат берілді. Сондықтан бұл шешімді дұрыс түсіну керек», – деп нақтылады ол.

Сондай-ақ, министр: «Меніңше, бұл қолайлы, тіпті бір жағынан үнемі де. Қай жағынан алып қарасақ та, оң тұсы көп. Сондықтан өзім толықтай мектеп формасын қолдаймын», – деген еді. Сол сияқты, бірқатар ата-аналар да бұл шешімнің орынды екенін құптап, балаларының мектеп формасын кигісі келетінін жасырмайды.

**Дүйсенкүл АҚШАЛОВА,
ата-ана:**

– Мен ата-ана ретінде оқушылардың мектеп формасын кигенін қалаймын. Бұл – өте тиімді. Әрі балалардың барлығы бірдей киінеді. Отбасында үш баламыз мектепке барады. Былтырғы мектеп формасы әлі су жаңа күйінде тұр. Сондықтан мектепке дайынбыз. Балаларыма бір-екі ақ жейде алып қоямын.



Соларды кезектесе киіп отырады. Бірін жуып, бірін үтіктеп дегендей... Мектеп формасы сақталуы керек. Мектеп формасы – оқушының бет-бейнесі ғана емес, тәртіптің де көрінісі.

**Мейрамгүл ӘБІЛДАЕВА,
ата-ана:**

– Осыдан біраз жыл бұрын үлкен қызымның мектепте оқып жүрген кезі болатын. Үнемі мектептен жылап келетін әдет тапты. Оған себеп – қасындағы қыздардың киген киімі, таққан сырғасы, ұстаған сөмкесі. Тіпті, олардың жаз болса,

шет елге барып демалатыны, қымбат үйлері мен мінген көліктеріне дейін қызымның әңгімесінің негізгі тақырыбына айналды. Сол кезде қатты қапаланып, «тезірек мектеп бітіріп кетсе екен» деуші едім. Бірыңғай мектеп формасына көшкен кезде, шыны керек, қатты қуандым. Ата-аналардың барлығының табысы бірдей емес қой. Отбасылық жағдайлары да әртүрлі. Сондықтан қалыпқа түскен жағдайды қолдап, бұзбайық. Балаларымыз да қазір бұл жүйеге әбден үйренді.

**Қуаныш БЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
қала тұрғыны:**

– Мектеп формасын кию-кимеуді әркімнің өз еркіне салсақ, тура бай баласы мен кедей баласының күйін кешеміз. Біреу өзіміздің өнімді тұтынса, енді бірі шет елдің киімін киіп мақтанады. Тіпті, «бүгін кім қандай киім киіп келеді екен?» деп бір-бірін аңдып отыратын болады. Мектеп формасына карантиннің түк те қатысы жоқ. Мектеп формасын алуға жағдайы жоқ отбасыларға арнап жыл сайын Жалпыға білім беру қорынан қаражат қарастырылған. Одан бөлек, «Мектепке жол» акциясы да қаншама отбасына көмек көрсетіп келеді. Сондықтан мектеп формасына қатысты жеңілдік жасаудың өзі артық деп ойлаймын.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналардың бір дүрлігіп басылатыны бар. Әсіресе, баласы алғаш мектеп табалдырығын аттағалы отырған ата-аналардың дайындығы тым ерте басталады. Биыл да осы көрініс қайталанып жатқан сыңайлы. Осыған орай, баласы мектепке баратын ата-аналардың дайындық барысын зерделеуге тырысқан едік.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚҚА ҚАНША ҚАРАЖАТ КЕТЕДІ?

Бұл ретте бірінші сынып оқушысына қажетті заттардың тізімін негізге алдық. Әрине, мектеп оқушысына ең басты қажеттісі – оқушы формасы мен оқуға қажетті құрал-жабдықтар. Демек, қаражаттың көп бөлігі оқушының мектепке киетін формасына кетеді. Білім министрлігі жалғасып жатқан пандемияға байланысты ағымдағы жылы да мектеп формасын міндетті емес, оны классикамен алмастыруға болады деп жеңілдік беріп отыр. Яғни ұлдар жағы ақ жейде мен қара көк шалбар, қыздар ақ жейде мен қара көк белдемше киюге болады.

Оқушының мектепке киетін классикалық белдемшесі мен шалбардың құны 5 мың теңгеден, блузкарлар, жейделер 4 мың теңгеден басталады. Оларды жуып, кезекпен кию үшін бір ауысымда кемінде 2-3-еуі болғаны жөн. Сондай-ақ, 2-3 футболка алсаңыз, олардың құны 2500 теңгеден басталады.

Балаңыздың жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін күнделікті киюге көше аяккиімі мен ауыстыратын (сменная) аяккиім аласыз. Өйткені, қазір барлық мектепте оқушыларға ауыстырып киетін қосымша аяккиімі болуы талап етіледі. Бір жұп аяккиімнің құны 5 мың теңгеден басталады.

Сонымен қатар, күн салқындағанда киетін пиджак 4-5 мыңнан немесе 8 мың теңгеден басталатын желпана қажет болады. Сондай-ақ, оған күзде киетін шұлық 200 теңгеден (5 жұп), 1600 теңгеден қысқы (4 дана) шұлықты қосыңыз. Дене шынықтыру сабағына қажетті спорттық форманы 6 мың теңгеге алуға болады, 5 мың теңгеден оған аяккиім алуыңыз қажет.

Рюкзак немесе сөмкенің бағасы 3290 теңгеден басталса, аяккиімге арналған сөмке 2100 теңгенің шамасы. Мектепке қажетті кеңсе заттарының да арзаны жок. Бастауыш сынып оқушылары үшін қатты мұқабадағы күнделіктің құны 350 теңгеден басталады. Ноутбуктерді сақтауға арналған қалталардың бағасы 7 мың теңгеден басталады.

Бірінші сынып оқушысына тор көз және қиғаш сызықтағы қарапайым дәптерлер қажет. Бұл дәптерлердің әр түрінен кем дегенде 10 данадан, сатып алуға кеңес беріледі. Бір дәптердің құны 25 теңгеден басталса, 220 теңгеден 20 дана жиынтық түрінде сатылады. Кітап мұқабаларын қаптағышты оқулықтың көлеміне қарай сатып алған дұрыс. Жиынтық құны 350 теңгеден, ішінде 20 дана бар.

Сонымен қатар, мектепке қажетті құралдар қатарын 480 теңге тұратын магнитті кітап жапсырмалары, 60 теңге тұратын өшіргіш (2 дана қажет), 70 теңгелік сызғыш, 35 теңге тұратын контейнері бар ұштағышпен толтырыңыз.

Қарындаш салатын қорапша кең әрі ыңғайлы болуы керек. Оған қалам-қарындаштан басқа, түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, қайшы және басқа да ұсақ заттарды салу керек болады. Бұл ретте сапасы төзімді келетін тығыз жақтауы бар, сыдырмамен жабылатын бірнеше бөліктері бар модель алғаныңыз жақсы. Ең арзан пенал-тубустың құны 295 теңгеден басталса, сыйымды пенал 1100 теңге тұрады. Қарындаштарды таңдағанда ТМ маркаларына артықшылық беру керек. Бір талы 25 теңгеден басталады (сізге 4 дана қажет).

Бірінші сынып оқушысының сөмкесінде кем дегенде 12 түрлі-түсті қарындаштың жиынтығы болуы керек. Мүмкіндігіңізге қарай жұмсақ, бояуы майлы, қанық қарындаштарды таңдауға тырысыңыз. Өйткені, бояудың мұндай түрі балаңыздың сурет салуына өте ыңғайлы. Мұндай жиынтық құны 615 теңгеден басталады. Мектеп оқушысына қажетті фломастерлер (240 теңгеден 6 түсті) мен мәтін бөлгіштер (маркер) де керек (құны 795 теңгеден басталады).

Сонымен қатар, 12 реңктегі «Акварель» бояудың құны 595 теңгеден басталса, оған 470 теңгеден басталатын үш қылтаықшадан тұратын жиынтық, 155 теңгеден басталатын су құятын стаканды қосыңыз. Сурет салуға арналған құны 110 теңге тұратын альбом дәптер (2 дана қажет) алған жөн.

Балаңыздың еңбек пәніне арналған заттарын салатын қалтаны да ұмытпаңыз. Оған балаңыз сабаққа қажет нәрсенің бәрін салып жүреді. Мұндай қалтаның өлшемі А4 форматынан кем болмауы керек. Құны 280 теңгеден басталады.

Оқушының мектепке қажетті заттарына А4 өлшемді түрлі-түсті қағаз жиынтығын қосыңыз. Олардың бағасы 50 теңгеден басталады (сізге 2 дана қажет). Түрлі-түсті картон жиынтығының А4 мөлшері 210 теңгеден басталса (2 дана), ақ картон жиынтығы 190 теңгеден басталады.

Бұған қоса, әртүрлі контейнерлерде сатылатын PVA желімін алыңыз. Арнайы қақпағы бары 140 теңгеден тұрады, қарындаш түріндегі әртүрлі мөлшердегі 65

теңге тұратын желімнің 1 данасын сатып алыңыз.

Балалардың шығармашылықпен айналысуына арналған ермексазды таңдауыңыз керек. Жиынтықтың бағасы 535 теңге тұрса, онда кем дегенде 8 түрлі түс болуы керек. Оған жапсыруға арналған тактайлардың бағасы 255 теңгеден басталады, қауіпсіздік мақсатында дөңгелек ұштары бар 200 теңге тұратын кішкентай қайшылар да қажет. Сондай-ақ, 218 теңгеге санау таяқшалары мен 2 мың теңгеден басталатын балалар конструкторларында болатын сағат макеті қажет. Оған жиынтығы 8500 теңгеден басталатын жұмыс дәптерлерін қосыңыз.

Сонымен, орта есеппен мектепке арналған киім үшін сіз 59 мың теңгеден астам, кеңсе жарақтары үшін 19 мың теңгеден астам қаражат жұмсадыңыз. Міне, өздеріңіз байқағандай, бірінші сынып оқушысын мектепке дайындау үшін орташа есеппен 80 мың теңгедей жұмсайды екенсіз. Бұдан өзге, жол шығындары мен бірнеше дүкенді аралаған уақытыңызды қосыңыз.

Сонымен қатар, қазіргі індетке байланысты демалыс күндері Алматыдағы базарлар жұмыс істемейді. Сол үшін сізге жұмыс күні «барахолкаға» баруға, жұмыстан сұрануға тура келеді. Айтпақшы, біз балаңыздың қыс мезгілінде киетін жылы киімдерін есептемеген екенбіз. Бұл үшін есепшотыңызға кем дегенде 30–40 мың теңгені тағы да қосыңыз. Сонымен, балаңыз мектепке баруға дайын.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- Әлемнің 43 елінде оқу жылы 1 қаңтардан басталса, 16 елде наурыз айында басталады.
- Ал біздің елімізде және 122 елде 1 қыркүйекте басталады.
- Чехияда ең жоғары баға «1», ал ең төмен баға «5». Францияда 20 балдық жүйедегі баға қойылады.
- «Сенбілік» Ресей патшалығы кезінде белгіленген.
- АҚШ туында бейнеленген жұлдызшаларды мектеп оқушысы ойлап тапқан.
- Америкалық жасөспірімдер шамамен 12000 сағат оқуға және 14000 сағатын теледидир көруге жұмсайды.
- Ең көне оқу орны Фес қаласындағы «Карауин». Ол б.з.д. 859 жыл бұрын құрылған.
- Ең көп оқушы оқыған мектеп Үндістанда. 28 000 мыңға жуық оқушы оқыған.
- Ең ұзақ оқу Ұлыбританияда болған. Роберт Кронин 52 жыл оқып, 72 жасында оқу бітірген.
- Ең қымбат білім беру орталығы «Халықаралық бозбала мен бойжеткендердің мектебі». Оқу ақысы бір айға 77,5 мың доллар тұрады.
- Әлемдегі ең ұзақ оқу 56 сағатқа созылған. Биология профессоры өзінің дәрісін оқыған. Бұл – 2003 жылы Австралияда болған.
- Ең көп түлектер кездесуі Германияда өткен. Оған 2,5 мыңнан астам түлек жиналған. Кездесу мектептің жүз жылдығына орай ұйымдастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«ҚУАНЫШ СЫЙЛА» акциясы бастау алды

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматыда республикалық «Ігі істер» және «Мектепке жол» атты екі бірдей марафон жүріп жатыр.

Соның аясында Наурызбай ауданының әкімдігі «Қуаныш сыйла» акциясын өткізді. Ігі шара барысында 30 көпбалалы және аз қамтылған отбасы мектепке жабдықталып, бүлдіршіндерге форма, сөмке, спорттық заттар, оқу құралдары және тәттілер сыйға тарту етілді.



«Наурызбай әкімдігіне көп рахмет. Біз мынандай көмекті бірінші рет алып жатырмыз. Біраз жақсы зат алып келіңіздер, бұл да көмек бізге. Сол үшін қуаныштымыз, рахмет», – деді Наурызбай ауданының тұрғыны Әлима Қожағұлова. Бір ерекшелігі, биыл аудандық әкімдікте қызмет істейтін жас мамандар 1 миллион теңге қаражат жинап, игі шараны өз күшімен өткізген. Қайырымдылық акциясы 26 тамызға дейін жалғасатын болады. Жалпы, жыл басынан бері ауданда 36 акция өткен. Оны ұйымдастырушылар жыл соңына дейін тағы 70 шара өткізуді жоспарлап отыр.

«Бұрын әкімдік тарапынан аудандағы меценаттарды, демеушілерді ұйымдастырып, аудандағы аз қамтылған отбасының балаларына демеушілердің қолдауымен осындай шаралар атқарылған. Ал жас мамандардың ұйымдастыруымен бұл бірінші рет өтіп отыр», – деді Наурызбай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Фариза Ескендірова.

Әзірлеген
Ақтолықн ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Қазақстан киносы – Иорданияда



Актolkын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Иордания Хашимит Корольдігінің астанасында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында қазақстандық кино күндері өтті.

Шараны Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ және Иорданияның кинематография бойынша Корольдік комиссиясымен бірлесіп, ҚР Иорданиядағы Елшілігі ұйымдастырды. Кинокөрсетілім Амман қаласының ең көне аудандарының бірінде орналасқан «Кино үйінде» өтті. Аталмыш шара режиссер Нұргелді Садықұловтың «Балуан Шолақ» көркем фильмімен басталып, көрерменнің жоғары бағасын алды.

Екінші бөлімінде – режиссер Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» кинокартинасы ұсынылды. Фильмдер түпнұсқа үлгісінде, ағылшын тіліндегі субтитрлерімен көрсетілген. «Істеліп жатқан жұмыстарымыз көркем туындыларымызды шет елге таныту мақсатында жүргізіліп жатыр. Еліміз егемендігін алғалы 30 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдары кино әлеміне түрлі өзгерістер еніп, қазақ киносы дамудың даңғыл жолына түсті. Алдағы уақытта режиссерларымыз шыңдалып, кино өнерін бар әлемге танытатынына сенімдімін», – деді Қазақстанның Иорданиядағы елшісі Айдарбек Жұматов.

Шараға дипломатиялық корпус, БАҚ өкілдері, сондай-ақ Иордания астанасының қоғам қайраткерлері мен тұрғындары қатысқан.

Экологиялық байқау



Актolkын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Шаһарда білім беруге арналған «Дала ДНҚ» атты республикалық байқауы басталды.

Жобаны Қазақстандық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы және «Sauvage» компаниялар тобы ұйымдастырды. Аталмыш шараны қолға алған Ирина Нечаеваның айтуынша, «Дала ДНҚ» – ата-бабамыздың тарихи, мәдени және рухани құндылықтарына негізделген жаңа қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталған, Қазақстанда бұрын болмаған бірегей жоба болып табылады. «Дала ДНҚ» байқауы аясында кез келген адам экологиялық ахуалды жақсарту үшін ұтымды тұтыну, келешекте үйлесімді даму мен өркендеу үшін тарихи мұраны сақтау туралы бейнелеген суреттерін байқауға жібере алады. «Білім бағдарламасына қатысу халықтың экологиялық мәдениеті мен халқымыздың мәдени мұрасына жүгіну арқылы Жерді сақтауға үлес қосу мүмкіндігі туралы бірқатар тренинг пен дәрісті қамтиды. Шығармашылық, сән индустриясы, дизайн, мәдени және тарихи мұралар саласындағы үздік халықаралық сарапшылар жобаға қатысушыларға интеллектуалды және саналы сән, жаңа экологиялық әдеттер және тағы басқа тақырыпта дәріс оқиды», – дейді қазақстандық ЮНЕСКО клубтарының өкілі Айсұлу Аяпбергенова.

САЯБАҚТАР МЕН ГҮЛЗАРЛАР

Бүгінде қаламыздың тұрғындары мен қонақтары демалатын ашық аспан астындағы парктердің саны едәуір артты



Қаланы абаттандыруға байланысты осыдан 2 жыл бұрын «Жасыл Алматы» бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарлама аясында Үлкен Алматы арнасы толық жөндеуден өткізілді. Оқушылар сарайының ғимараты бастапқы қалпын сақтай отырып жөнделіп, айналасы абаттан-

дырылуда. Мемлекеттік мұражай айналасындағы жөндеу жұмыстары аяқталып, субұрқақтар іске қосылды.

Жыл басынан бері Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен шаһарда 9 жаңа саябақ салынды. Құрманғазы, Шевченко, Панфилов, Абылай хан

көшелерінің төрт бұрышындағы жер телімдерінде саябақтар салынатын болды. Сондай-ақ, қаладағы жасыл желектерді көбейту үшін табиғи ландшафттарды сақтау мақсатында тағы да 120 гектар жер қала меншігіне өткен еді.

Алматыдағы ең ірі саябақтар дегенде Орталық демалыс



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы – Қазақстандағы ең ірі қала, ал Азиядағы ең көрікті шаһарлардың бірі. Шаһардың ажарын ашып, ерекше көрік беріп тұрған – саябақтар мен гүлзарлар.

Осыдан бірнеше жыл бұрын мегаполисте жасыл желекті, көлемді саябақтардың саны 30-ға да жетпейтін.

паркі мен Тұңғыш Президент атындағы парк және 28 Панфиловшылар паркі ғана ойымызға оралатын. Қазір мұндай саябақтар мен демалыс парктері Алматының әр ауданында бой көтеруде. Бұрын қоқыс жиналып, қаңғыбастар паналаған алаңдар бүгінде халық демалатын тамаша орындарға айналды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аяулым ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
қала тұрғыны:

Ерекшелікті қалаймын

Ел көріп, жер көріп, саяхат жасаған кезде көрген ерекше дүниелерін өз қаламызда да болса ғой дейтін кездер болады. Мысалы, Жапонияда «Асигака» деген саябақ бар. Онда экзотикалық гүлдердің сан мыңдаған түрлері бар. Сондай-ақ, Жапонияның Осака қаласында Шахмат саябағы бар. Ондағы гүлзарлар, көшелер, алаңдардың барлығы шахмат тақтасындағыдай шаппақпен жасалған. Маған ерекше ұнаған парктердің бірі – Сингапурдегі Джуронг саябағы. Мұнда құстардың небір түрлері бар. Оңтүстік-шығыс Азия, Америка, Еуропа, Африкада мекен ететін құстардың көпшілігін осы саябақтан көруге болады. Саябақтағы 5000 құс торда, қоршауда емес, еркін өмір сүреді. Бұл жерде құстардың қалай шомылатынын, ұя салатынын, жалпы тіршілігін көруге болады. Міне, осындай ерекше саябақтар болашақта Алматыда да болса деген тілегім бар.

Асқар БЕКҰЛЫ,
саяхатшы:

Тың идеялар керек

Әлемнің кез келген еліне барғанда сол елдің болмысын, танымын көрсететін дүниелерді іздейсің. Кейбір мемлекеттердің мұражайлары мен ғимараттары ғана емес, саябақтары мен көшелері де сол елде тұратын ұлттың келбетін сипаттап тұрады. Мысалы, Лаостағы Будда саябағы. Мұнда будда, үнді тематикасындағы 200-дей мүсін бар. Олардың көбі ежелден қалған тарихи мүсіндер боп көрінгенмен, біразы бертінде жасалған мүсіндер. Осындай керемет мүсіндер саябаққа керемет әр береді, саябақтағы ландшафт та ерекше. Әлемде небір ғажап саябақтар көп. Алматы да туристік қалаға жатады ғой. Сондықтан болашақта қаламызды жаңа заманға сай көркейту үшін тың идеялар керек деп ойлаймын. Мықты дизайнер мамандар қажет.

Гүлбаршын СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ,
зейнеткер:

Қоғамдық көліктер көбейсе екен

Алматыда тұрып жатқаным биыл 40 жыл болыпты. Ең алғаш келгенімде 19 жаста едім. Қалаға ғашық болғаным соншалық, осында қаламын деп шештім. Қазіргі Алматыны бұрынғысымен салыстырсам, көп нәрсе өзгерді. Ғимарат, көлік өте көп. Жастық шағымды еске алу үшін анда-санда Орталық саябаққа барып тұрамын. Саябақтардағы оң өзгерістерге қуанамын. Алдағы уақытта қалада жекеменшік көліктер азайып, жаңа заманға сай көліктер көбейсе екен деген тілегім бар. Сонда ауа да таза, жасыл желектеріміз де жайқала түсер еді.

Нобель – дүние жүзіндегі айрықша сыйлық. Альфред есімді ғалымның болашақ өнертапқыштарға арнап қалдырған мұрасы. Ол әдебиет, физика, химия, математика, экономика, т.б. салаларда беріледі. Аталған сыйлықты алушы тұлғаға Швецияда 1 млн. АҚШ доллары табысталады.

ЖҮЛДЕЛІ БОЛҒАН ЖҮЙРІКТЕР

* Нобель сыйлығына ұсынылғандар туралы ақпарат жарты ғасыр бойы құпия сақталды. Тек 50 жыл уақыт өткеннен кейін Швед академиясы мұрағаттарды ашады. Мәселен, 2017 жылдың қаңтар айында ақын Анна Ахматованың Нобельге ұсынылғаны анықталды. Әдебиет саласы бойынша 1966 жылы ең мәртебелі атаққа номинант болған ақын есімі 5 наурыз күні өмірден өтуіне байланысты тізімнен алынған.

* Бір қызығы, 5 адамға бағалы сыйлық сырттай берілген. Себебі, атақ берілген уақытта олар түрмеде отырған немесе еркіндігі шектелген. Олардың барлығы бейбіт өмір үшін күрескен. Неміс пацифисі әрі журналист Карл фон Осеккий, кеңес әділетшісі Андрей Сахаров, польшалық белсенді Лех Валенса, бирмалық саясаткер Аун Сан Су Чжи және Қытай демократы Лю Сяобо.

* Әлемде 5 ерлі-зайыпты Нобель сыйлығын иеленген. Осы атақты алғаш болып 1903 жылы Мария мен Пьер Кюрилер алды. Олар әлемге әйгілі физик және үлгілі отбасы әрі ғалымдар әулеті болған.

* Халықаралық марапатқа қолы жеткендердің бірі – қазақ баласы Достай Раманқұлов. Ол Нобель сыйлығымен марапатталған тұңғыш қазақ.

* Құнды сыйлықтың ең жас лауреаты – 17 жастағы Малала Юсуфзай есімді қыз. Пәкістандық бойжеткен мұсылман елдерінде әйелдерге білім алу құқығы берілуі жолында күрескен. Оған 2014 жылы бейбіт өмір жолында жүргізген күресі үшін табысталған. Юсуфзай 11 жасынан бастап BBC арнасында блог жүргізу арқылы танымал болған.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





СИЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Бағдат АНАРБАЕВА,
Халықаралық білім беру корпорациясы
жастар орталығының жетекшісі:



корғап қалғымыз келсе, міндетті түрде вакцина алуымыз қажет.

— Кеселге тосқауыл қоюдың бірден-бір ең тиімді жолы — вакцина салдыру. Өз басым екпе алмастан бұрын түрлі пікірлерді оқыдым. Мамандардың кеңесіне жүгіндім. Жан-жақты зерттеп, түрлі пікірді елеп-екшегеннен кейін осындай шешім қабылдадым. Мен барлық жастарды, қала тұрғындарын вакцина алуға шақырамын. Өйткені, бұл — өте маңызды мәселе. Қазіргі таңда жастар да вирус жұқтырып, ауруханаларда емделіп жатқанын көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр. Олардың дұрыс тамақтанбай, карантин талаптарын дұрыс сақтамай жүргенін көріп, вирусты жұқтырып алу себебін түсінемін. Өрқайсымыз өзіміздің жақындарымызды

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ,
студент:



— Бүгін таңертең қалалық емханаға барып, вакцинаның екінші компонентін алдым. Барша вакцина алғандарға ем болсын деймін. Алмағандарды екпе алып, қоғамдық иммунитет қалыптастыруға үлес қосуға шақырамын! Коронавирус пандемиясы адамзат баласының соңғы екі жылдағы басты проблемасына айналып отыр. Ел ішінде, ауыл-аймақ арасында науқастар көбейіп барады. Индет күшейіп тұр. Ел бойынша күн сайын бірнеше мың адам коронавирус жұқтырғаны хабарланады. Барынша сақ болайық. Жиын-тойды қысқартайық. Өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығына бей-жай қарамайық.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

#ЕКПЕАЛ

520 қызметкердің 90%-ы вакцина салғызды



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ



Шаһарда түрлі бағытта сауда және өнеркәсіппен айналысатын 123 мың кәсіпорын бар. Сала қызметкерлерінің 81%-ы денсаулығын вирустан сақтандырған. Олардың ішінде Алматы көпір құрылымдар зауыты — қаладағы ірі кәсіпорындардың бірі. Ол «темір-бетон өнімдерінің жүрегі» саналады. Қазір мұнда жұмыс істейтін 520 қызметкердің 90%-ы вакцина салғызды. «24 сағат тыным таппайтын істе деннің саулығы — басты мәселе», — дейді мамандар. «Бүгінгі таңда қызметкерлеріміздің басым көпшілігі вакцина салғызды. Көрсеткішті 100 пайызға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Себебі, қала, облыс бойынша үздіксіз жүргізілетін жұмысымызда әртүрлі адамдармен байланысқа түсеміз. Ал мамандардың денсаулығы —

жұмыстың негізгі күші екенін ұмытпау керек», — деді зауыттың өндіріс бойынша техникалық директорының міндетін атқарушы Сергей Сергутин. 1967 жылы негізі қаланып, бүгінде Алматыдағы ірі асфальт-бетон зауытына айналған бұл кәсіпорында 690 адам жұмыс істейді. «Қала мен облыс көлемінде жалпы 4 карьер іске қосылғандықтан, жұмыс та үздіксіз жалғасып отырады», — дейді мамандар. Ал 54 жылда елдегі жол инфрақұрылымының дамуына елеулі үлес қосқан зауыт қызметкерлері «Денсаулық — тікелей жұмысымызға әсер етеді. Сондықтан өзіміз бен жақындарымыз үшін екпе алдық», — дейді.

Қаладағы екпе салғызу көрсеткіші әлдеқайда жоғары. Саудада — 83, ал кәсіпорындарда 81 пайыз адам вакцина салғызған.

МОНИТОРИНГ

Әкімшілік жауапкершілікке тартылады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалада екі күн ішінде мейрамхана, кафе, бар, сұлулық салоны, компьютерлік клубтар мен дүкендердің 25-іне айыппұл салынды. Мегаполисте мониторингтік топтардың карантиндік тексерулері жалғасуда. Мысалы, 16 және 17 тамызда Бостандық пен Әуезов аудандарындағы екі мекеме жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс істеген.

Тәртіп сақшыларының мәліметтері бойынша 16 тамыздан 17 тамызға қараған түні белгіленген шектеулердің 13 заң бұзушылығы анықталды. Құқық бұзушылардың қатарында Бостандық ауданындағы Weekend Vibes кафеі бар, онда шамамен 22.50 сағатта, яғни карантин кезінде рұқсат етілген жұмыс уақытынан кейін 40 келуші болған. Шамамен осы уақытта тексерушілер карантин талаптарын сақтамаған «Восточный двор» кафеісін де тіркеді, онда 40-қа жуық адам болды.

17 тамызда Бостандық ауданында шамамен 23.28 сағатта ЖАМ барында жұмыс режимінің бұзылуы тіркелді. Тексерушілердің мобильді тобы бар ішінен 40-қа жуық адамды тапты. Сол күні кешкі сағат 22.43 шамасында сол шағынауданда «Chechil Pub» кафеісін 50 келуші келіп, заң бұзушылыққа жол берген.

Алматы қаласының бас санитарлық дәрігерінің талаптарын орындамағаны үшін бұл мекемелердің иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылады.



Сақтансаң, «сау»
боласың!

Эпидемиологтердің айтуынша, жасырын кештерде, жабық жерлерде уақыт өткізу арқылы қала тұрғындары өздеріне және айналасындағыларға қауіп төндіреді. Мекемелерде бұндай заңсыздықтар дер кезінде тоқтатылады. Мысалы, өткен аптада мониторингтік топтар 1000-ға жуық нысанды тексеріп, 124 тәртіпбұзушылықты анықтады.

Алматыда «кою қызыл аймаққа» байланысты шектеу шаралары 1 қыркүйекке дейін ұзартылды. Сонымен қатар, қала қоғамдық көліктерде бетперде режимінің сақталуын бақылауды жалғастыруда. Айдың басынан бері автокөлік компанияларының бақылау топтары мыңнан астам автобусты тексеріп, ондаған тәртіп бұзушыларды анықтады.

17 тамызда қоғамдық көліктегі карантиндік режимді сақтау бойынша алаңнан тыс шара ұйымдастырылды. Алматы қаласының

қоғамдық көліктерінде бетперде режимін сақтамағаны үшін 105 автобуста жүргізілген тексеру нәтижелеріне орай ҚР ӘҚБтК 1-бөлімінің 425-бабы бойынша 17 жолаушыға қатысты әкімшілік хаттамалар жасалды.

Қалалық эпидемиологтердің мәліметі бойынша, қоғамдық көліктер инфекцияның негізгі бес жерінің бірі болып саналады және 17,6% жағдайды құрайды. Сонымен қатар, қалада «симптоматикалық» науқастардың үлесі 94%-ға дейін өсуде.

Мониторингтік топ тексерушілері автобус жолаушыларына бетперде тағу міндетті екенін, бұл инфекция қаупін азайтатынын түсіндіруде. Айта кететін жағдай, алматылық эпидемиологтердің мәліметі бойынша, қоғамдық көліктер инфекция жұқтырудың негізгі бес орнының біріне жатады және жұқтыру 17,6%-ды құрайды. Қалада «симптомды» науқастар үлесінің 94%-ға дейін өсуі жалғасуда.

МАМАН КЕҢЕСІ

Дұрыс тамақтану маңызды



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Төрегелді Шарманов YouTube-та өзінің каналын ашты. Енді білікті ғалым, академик өз көрермендеріне құнды ақыл-кеңесін үздіксіз айтып отыратын болады.

Академик денсаулықтың негізгі тірегі дұрыс тамақтану дегенді үнемі айтып келеді. YouTube-тағы арнасының «Тағамсаулық» деп аталатыны да сондықтан.

— Мүмкіндік болса, тамақты кем дегенде үш мезгіл ішу керек. Оның құрамында ең тағамы, өсімдіктер, жеміс-жидектер міндетті түрде болуы

керек. Қандай ауру болса да, тағам күрделі болуы бірінші шарт. Мысалы, кешке жеген қойдың еті ертең күн батқанша сіңеді. Сыыр еті таң сарғайып атқанша, жылқы еті төсек салып жатқанша үш есе жылдамдықпен сіңеді. Ең жеңіл бекіре балықпен бірдей, — дейді академик.

Ол сондай-ақ: «Құшақтап сәлем беруді қазақтың бұрынғы салты деп есептейді. Мен «досың болсын, туысың болсын, қаншалықты жақсы көресің, жақындарыңнан соншалықты қашықта бол» деймін. Әр уақытта отырған орның таза болуы керек. Жейтін тамағың лас болмасын. «Лас» деген сөз бетіндегі кір емес, құрамы. Ол пайдалы, жемісті, әртүрлі болуы керек», — деп көпшілікті дұрыс әрі сапалы тамақтануға шақырды.

ОЙТАМШЫ

Тойға бармау ұят па?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматының дәрігер-мамандары халықтың той тойлатып, ойын-сауық құрудан әлі де тыйылмай тұрғанын, соның кесірінен ковид жұқтырып жатқандардың тым көбейіп кеткенін күн құрғатпай айтудай-ақ айтып жатыр. Бірақ түгел құлақ асудан қалып тұрмыз. Ал күніне қаншама адам осы індеттен көз жұмып жатыр десеніңіз! Соңғы кездері тіпті не бермей кеткенін көріп отырмыз.

Кеше көптен хабарсыз кеткен, басқа қалада тұратын бір танысым телефон соқты. Индет жұқтырып алып, емделіп шығыпты. Алдында ұлын үйлендіріп, той жасаған.

— Бетіне қарап отырған жалғызым ғой, қалайша дүрілдетіп той жасамайын, елден ұят қой! — деген жалғыздікті әйел дәл той басталғанда екі аяғын баса алмай қалғанын айтты. Тойға дейінгі шапқылаған күндері, иығына түскен

ауыртпалығы, одан «тексеру келіп қалса қайтем» деп есікке жалтақтаумен өткен сәттері бар, барлық стресс екі аяғына түсіп кеткен көрінеді.

Қазір есігі тарс жабық, терезелері тұмшаланған кафе-мейрамханалардың артқы есігінен, асхана жағынан жасырын, бұқпантайлап кіріп, той тойлатып жүргендер туралы да естіп-көріп жүрміз. Тексеруші өкілдер топ ете қалса, үстеліне ілген әдемі көйлектерінің етегіне сүріне-қабына, ұрлық істеп қойғандай, қашып-пысып жүгіріп бара жатқан қыз-келіншектердің кейпі тіпті аянышты. Ал індеттің нағыз ошағы осы той-томалақтар болып отыр. Сол сәт симптомсыз ауырып тұрған бір-екі адам болса, вирусты жабық ғимаратқа жиналған 300 мейманның тең жартысына жұқтырып үлгеруі мүмкін.

Кей мемлекеттерде адамдар вакцинаның тапшылығынан кезекке тұруға мәжбүр. Ал Алматыда екпені өзіңіз қалаған емхана, аурухана ғимаратынан немесе жүріп-тұруыңызға, кіріп-шығуыңызға

қолайлы болу үшін ашылған сауда орталықтарынан тегін алуға болады. Бірақ дәл осы мүмкіндікті қала тұрғындарының барлығы бірдей пайдаланбай отырғаны өкінішті.

«Жау жағадан алғанда, бөрі — етектен» дегендей, антиваксерлер де түрлі фейк ақпараттар таратып, ел ішін бүлдіріп жүр. Күні кеше осы індеттен туа салып шетінген бөбектер де тіркелді. Ата-анасы бірдей көз жұмып, жетім қалған балалар да бізге сабақ болмай тұрғаны ма?! Бұл ауру адам, жас, әлеуметтік орта талғап жатпайды, жолындағысын жайпап кете береді. Дәл қазір жансақтау бөлімдерінде бір жұтым ауаға зар болып қаншама отандасымыз жатыр екен?!

Автобуста да тексеруші келе жатса ғана қалтамызға умаждай тыққан бетпердемізді таға қоямыз. Отбасымен вакциналау паспортын жасатып алғандар туралы естіп, тіпті жағамызды ұстадық.

Арамыздан елімізге танымал қаншама тұлға кетті осы корона-вирустан. Ойланайық! Қазір «елге той істеп, бір шәугім шай бермесем, ұят», «тойға бармасам, ұят» дейтін уақыт емес, керісінше, осындай уақытта аста-төк той жасап, қаншама адамның басын қатерге тігу ұят!



ФУТБОЛ

Алматының «Қайрат» командасы өз тарихында тұңғыш рет еурокубоктың топтық турниріне шығатын сияқты. Осы бейсенбіде алматылықтар өз алаңында Люксембургтің «Фола» командасымен тең ойнаса да жетіп жатыр. Бірақ жанкүйерлер «Қайраттан» тек жеңіс күтеді: біріншіден, біздің команда қарсыластан анағұрлым жоғары деңгейде ойнайды, екіншіден, УЕФА коэффициентінде Қазақстан қоржынына ұпай көптеп түсуге тиіс.



«ҚАЙРАТ»: ӨЗГЕРІСТЕР МАУСЫМЫ

Бір апта бұрын алматылықтар «Фоланы» сырт алаңда 4:1 есебімен жеңіп қайтты. Бірақ еурокубоклардағы биылғы сапарын Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінен бастап, Еуропа лигасының іріктеуіне де тоқтай алмай, ақыры Конференция лигасының есігін қаққан «Қайратқа» жанкүйер толық риза болмаса керек. Біздің команда Чемпиондар лигасының I іріктеу кезеңінде Израиль чемпионы «Маккабиді» (Хайфа) қос матч қорытындысында 3:1 (1:1 және 2:0) есебімен қапы қалдырса да, келесі кезеңде желгі қарсылас «Црвена Звездадан» (Сербия) қатты ұтылды. Өз алаңында 2:1 есебімен жеңіп, сырт алаңда жауапсыз бес доп соқтырып қайтты.

Жаңа ереже бойынша «Қайрат» бұдан кейін Еуропа лигасының II іріктеу кезеңіне ауысты. Мұнда да бұрынғы қарсылас тап келді: Ереванның «Алашкертін» алматылықтар 2015 жылы Еуропа лигасының II іріктеу кезеңінде жолда қалдырған-ды. Бірақ бұл жолы «Алашкерт» «таяқ жей» қоймайтынын анық аңғартты. Алматыда өткен алғашқы кездесу 0:0 есебімен тең аяқталса (бұл ойында «Алашкерт» пенальти соға алмады), қарымта кездесуде Ереванда алаң иелері 3:2 есебімен басымдық танытты. Бұл ойынның даулы реңкі де болды: «қайраттық» Айбол Әбікен екі ескертуден кейін алаңнан қуылды. Бірақ УЕФА-ның ресми сайтында Әбікен екі ескертуді де 92 минутта алды делінеді. Шын мәнінде, оны төреші ойынның екінші таймы бастала сала жазалаған сияқты. Ал қосымша тайм басталғанда Айболдың қарсыласты дөрекі шалғаны және рас. Қалай дегенде де, «Қайрат» клубының басшылығы ойын нәтижесіне орай УЕФА-ға шағымданған жоқ, үнсіз Конференция лигасына сырғыды.

Осылайша биылғы еуромаусымды ең мәртебелі клубтық турнирдің іріктеуінен бастаған «Қайрат» сырғыған күйі Конференция лигасынан бір-ақ шықты. Бірақ жанкүйерлер мұны да табыс деп қарастыруға пейілді. Өйткені, «Қайрат» бұған дейін еурокубоклардың топтық турнирінде ойнап көрген емес. Егер «Фоланы» қапы қалдырса, «Қайрат» Қазақстан атынан еурокубоклардың топтық турниріне жолдама алған үшінші команда болмақ. Бұған дейін «Шахтер» (2013 жыл – Еуропа лигасы) және «Астана» (2015 жыл – Чемпиондар лигасы, 2016–2019 ж.ж. – Еуропа лигасы) осы айтулы сындарда өнер көрсетті.

Бірақ «Қайраттың» жанкүйерді алаңдатын үлкен мәселесі бар. Жыл басынан бері алматылықтар тізгінін үш маман ұстады, енді төртіншісі тәуекелге мініп отырған сияқты. Әуелі былтыр «Қайратты» 16 жыл күткен чемпиондыққа жеткізген беларусь-неміс маманы А.Шпилевский орнын босатты. Ол маусым айында Германияның «Эрцгебирге» командасына ауысты. Одан кейін «Қайраттың» құрылымында біраз жылдан бері еңбектеніп келе жатқан Кирил Кекерге сенім артылды. Ол алдымен бас бапкер міндетін атқарушы болып жүрді де, кейін бұл орынға ресми бекіді. Кекердің кезінде «Қайрат» ресми ұстанымынан айныған жоқ. Команданың жастар

құрамынан талантты футболшыларды негізгі құрамға көптеп тартты. Алайда, «Алашкерттен» жеңілген соң Кекер отставкаға өзі сұранды. Қазір бапкерлік тізгін уақытша Артем Гавриленконың қолында. Гавриленко «Қайраттың» құрылымына биыл ғана келді, осы уақытқа дейін бас бапкердің көмекшісі болды. Яғни оның уақытша ғана бапкерлік тізгінді ұстайтыны о бастан белгілі еді.

Енді «Қайратқа» кім келеді? Бұл мәселе күні бұрын шешілген сияқты еді. Өйткені, жаздың басында даңқты Құрбан Бердыев Алматыға ат басын бұрды. Әуелі жұрт Шпилевскийдің орнын бірден басады деп күтті. Бірақ Бердыев «Қайраттың» директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Боранбаевтың кеңесшісі болып бекіді. Енді Кекер кеткен соң, Гавриленко уақытша тізгіндеп тұрған соң Бердыевтің келетіні өз-өзінен айқын емес пе?

Бірақ мәселе біз ойлағандай оңай болмай шықты. Бердыев соңғы жылдары бас бапкерлік міндеттен саналы түрде қашып жүр. Кезінде қарапайым «Рубинмен» «Ной Кампта» «Барселонаны» тізерлеткен маман Дондағы Ростовтың командасын тізгіндеген соң ешбір командада ресми бас жаттықтырушысы міндетін атқарған жоқ. «Ростовтың» өзінде ол жергілікті жас маман, бас бапкер болған

Дмитрий Кириченконың кеңесшісі қызметін атқарды. Міне, сол Кириченко Алматыға келеді деген сөз соңғы кезде өрши түсті. Яғни «Ростовтағы» жүріс іске асуы мүмкін: Кириченко бас бапкер болады, Бердыев идеяларын осы бапкер арқылы іске асырып отырады.

Алайда, бір мәселе бар. «Қайрат» бағыстық, оның ішінде германиялық даму жолы ұстанып келеді. Яғни әр жас деңгейіндегі командаларының барлығы үлкен «Қайраттың» стилімен ойнайды. Команда құрамына соңғы жылдары Артур Шушеначев, Әрсен Бораншиев, Дания Үсенов, Данил Устименко, Александр Широбоков сияқты түлектер қосылды. Биыл Қазақстан кубогы ойындарында негізгі құрамда шыққандары қаншама! Бердыев осы жолды ұстана ма, әлде өз тактикалық ұстанымынан айнымай ма? Қалай дегенде де, жанкүйерді алаңдатытын мәселе көп.

«Қайрат» өткен аптада «Каспийді» 4:2 есебімен жеңіп, Қазақстан кубогының ширек финалына шықты. Чемпиондық егесте «Тобыл» мен «Астананы» сәл ұзатып алғанмен, қалған жеті кездесуде атағын қорғауға жанын салатыны және шындық. Оған Конференция лигасының топтық турнирі қосылса, алматылықтарға білікті бапкердің қажеттігі одан сайын нақтылана түседі. Ал Бердыев қайта оралып, жеңісті жолын қайта бастай ма, әлде әлі де біраз мәселе жұмбақ күйінде қала тұра ма?

Не десек те, жұмбақ шешілетін күн алыс емес.

КАТАР–2022



Қазақстан құрамасы 2022 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңінде қыркүйек айының басында үш кездесу өткізеді. 1 қыркүйекте отандастарымыз Украина құрамасын қабылдайтын болса, 4 қыркүйекте Хельсинкиде – Финляндиямен, 7 қыркүйекте Сараевода Босния және Герцеговинамен ойнайды. Ұлттық құраманың бас бапкері Талғат Байсуфинов шақырылған футболшылардың тізімін жария етті.

Қақпашылар: Стас Покатилов («Қайрат»), Мұхамеджан Сейсен («Тараз»), Игорь Шацкий («Шахтер»).

Қорғаушылар: Нұралы Әліп, Ян Вороговский (екеуі де – «Қайрат»), Абзал Бейсебеков («Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Сергей Малый, Александр Марочкин, Руслан Валиуллин (барлығы – «Тобыл»), Темірлан Ерланов, Юрий Логвиненко (екеуі де – «Ақтөбе»), Әлібек Қа-

сым («Қызыл-Жар СК»), Еркін Тапалов («Ақжайық»), Мақсат Тайкенов («Каспий»).

Жартылай қорғаушылар: Владислав Васильев («Әндіжан», Өзбекстан), Бахтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Исламбек Қуат («Астана»), Серікжан Мұжыков, Асхат Тағыберген, Самат Жарынбетов, Азат Нұрғалиев (барлығы – «Тобыл»), Рамазан Оразов («Ақтөбе»).

Шабуылшылар: Айдос Тәттібаев («Шахтер»), Артур Шушеначев («Қайрат»), Абат Әйімбетов («Астана»).

Бұл тізімде әуелі шабуылшы Алексей Щеткин («Ротор», Ресей) де болған еді, бірақ оның жарақаты сыр беріп, құрамаға көмектесе алмайтыны белгілі болды. Щеткиннің орнына қосалқы тізімнен Әйімбетов шақырылды. Қостанайлық С.Мұжыковтың да аздаған жарақаты бар. Ал С.Жарынбетов құрама алғаш рет шақыртылып отыр.

D тобында Қазақстан әзірше соңғы орында келеді. Отандастарымыз көктемде Францияны қабылдап, 0:2 есебімен жеңілді және сырт алаңда Украинамен тең ойнап қайтты. Жақында Украина құрамасында бас бапкер ауысты. Команда тізгінін бес жыл ұстанған Андрей Шевченко Еуропа чемпионатынан кейін құрамдан кетті. Ал бапкерлік міндет Алексей Петраковқа жүктелді.

КҮРЕС

НИЛЮФАР РАЙЫМОВА – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



Күрес түрлерінен Уфада (Башқұртстан) өткен жастар арасындағы әлем біріншілігінде отандасымыз Нилуфар Райымова (57 келі) әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол финалда италиялық Аврора Руссомен кездесіп, 8:6 есебімен жеңіске жетті. Руссо бірінші кезеңде Нилуфарды алып ұрып, бірден бес ұпай алған-ды. Бірақ екінші кезеңде Райымова қатарынан төрт рет сәтті шабуылдап, әр шабуылына екі ұпайдан алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Қазақ қыздары 2008 жылдан бері әлем чемпионатының алтын жүл-

десін жеңіп ала алмай жүрген еді. Сол жылы Стамбулда Элеонора Әбүтәліпова чемпион атанған-ды.

Уфада қыздар арасында Ділназ Мүлкінова (76 келі) мен Мәдина Аман (59) келі қола жүлде жеңіп алды.

Райымоваға дейін еркін күрес шеберлері арасынан Нұрдаулет Қуанышбай күміс жүлдемен қуантқан еді. Грек-рим күресінен ешбір балуанымыз жүлдеге қол соза алған жоқ.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732, 00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 13 тамыздағы №3/421 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылдың 20 тамызында тіркелген, №24053

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №1/29 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1265 болып тіркелген);

2) «Алматы қаласы әкімдігінің «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №1/29 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2019 жылғы 11 қазандағы №4/577 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1592 болып тіркелген).

2. «Алматы қаласын цифрландыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары І.Е.Осеровке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЛАЛЫҚ БЮЖЕТТЕН ҚАРЖЫ ҰТЫП АЛ
23 тамыздан бастап Алматыда «Бюджетке қатысу» бойынша өтінімдер қабылдау басталады.

Алматылықтар 1 қазанға дейін budget.open-almaty.kz порталы арқылы ұсыныс бере алады.

Жоба Алматының 8 ауданының әрқайсысына қалалық бюджеттен 800 млн. теңгеден (жобаның жалпы сомасы 6,4 млрд. теңге) бөлулі көздейді.

Алматылықтардың өздері ашық дауыс беру арқылы қала бюджетін қандай бастамаларға бағыттау керектігін анықтайды. Идея авторларының жобасына Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, сарапшылар, мәслихат депутаттары, ҰЕҰ өкілдері өз бағаларын береді.

Жобалық ұсыныстар budget.open-almaty.kz порталы арқылы қабылданады. Ол үшін өтінімді толтыру қажет (жобалық ұсыныстың атауы, оның сипаттамасы, нысанның мекенжайы), жобалық ұсыныстың эскизі мен сметасын міндетті түрде бекіту қажет (бағдарлы болуы мүмкін). Сондай-ақ, қаласаңыз, ағымдағы жағдай мен презентация фотосуреттерін қосу мүмкіндігі бар. Бір жобаның құны 58,3 млн. теңгеден аспауы тиіс.

Жобалық ұсыныстар келесі өлшемдерге сәйкес болуы керек:
• бір автор – бір өтінім – бір нысан;
• ортақ пайдалану нысаны;
• нысан өткізу жоспарланған аудан аумағында, жалпы пайдаланудағы жер учаскесінде орналасуы;

• әкімдік құзыреті шегінде болу және т.б.
Қарауға қабылданбайтын жобалық ұсыныстар:
• құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізбестен, тек ЖСҚ әзірлеуге есептелген;

• фрагменттік (болашақта қосымша элементтерді іске асыруды талап ететін);
• Алматыны дамыту бағдарламасы мен ҚР заңнамасына сәйкес келмейтін;
• коммерциялық сипаттағы және т.б.

Аудандық әкімдіктердің сараптамалық комиссиялары «халықтың Бюджетке қатысу» жобасын ұйымдастыру және өткізу туралы Ережелер талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Алматы қаласының даму бағдарламасына сәйкес келетін жобаларды іріктейді.

«Бюджетке қатысу» туралы кеңесті немесе ақпаратты Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, Алматы қаласы әкімдігінің «Open Almaty» қоғамдық қабылдау бөлмесіне 224-39-29 (ішкі. 203, 139), 1308, 338 33 88 телефон нөмірлері арқылы біле аласыз.

Қазақстан Республикасы Журналистер одағы «Alataу Aqparat» ЖШС қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Толқын Қалдарұлы ТӘШМОВТИҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы «Alataу Aqparat» ЖШС журналисі
Толқын Қалдарұлы ТӘШМОВТИҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын жүректен көңіл айтады.

«ҚазТАГ» ХАА ЖШС «Alataу Aqparat» ЖШС журналисі
Толқын Қалдарұлы ТӘШМОВТИҢ
қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

АДАЛ ДОС, СЕНІМДІ СЕРІК ЕДІ



23 тамызда Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, белгілі журналист Толқын Тәшімов 57 жасында кенеттен дүние салды.

Толқын Тәшімов бар өмірін өзінің сүйікті ісі – журналистикаға арнады. Ол еліміздің ірі басылымдары мен сайттарында еңбек етті, оның ішінде соңғы жылдары «Вечерний Almaty» газетінде жұмыс істеді. Оның журналистік шеберлігі мен шығармашылық жетістіктеріне бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы халықаралық және республикалық байқаулардағы көптеген жүлделері дәлел бола алады. Ол сыйлы адам, талантты журналист, өз елінің патриоты, адал дос әрі сенімді серік болды.

Толқын Қалдарұлының әріптестері оның бойындағы өзіндік қасиеттерін, белсенділігі мен іскерлік тәжірибесін, ақыл-кеңесімен бөлісуге дайын тұратын аккөңіл қасиеттерін ерекше бағалайды.

«Alataу Aqparat» ЖШС ұжымы Толқын Тәшімовтің жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның иманы жолдас, жаны жәннатта болсын!

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі белгілі қоғам қайраткері, Ардагерлер кеңесінің мүшесі
Сәбит Хайырұлы ЖАДАНОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Дәуір» ЖШС РПБК ұжымы белгілі жазушы, «Ана тілі» баспасының директоры, серіктесіміз
Жақау ДӘУРЕНБЕКОВТИҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, баспа ұжымына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1

SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2

ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3

НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ



**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕР ҮШІН**
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА



**23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР**
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.08.2021

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

25.08.2021

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Емдік сусындар

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Бір сағаттан соң есіме салшы», «Қайда қойғанымды ұмытқаным-ай...», «Есімнен тарс шығып кетіпті» деген сөздерді сіз де жиі айтып жүрсіз бе?

Бұл – есте сақтау қабілетінің нашарлағанының белгісі. Мамандар оған мидағы ақпараттың көптігі, дұрыс тамақтанбау, ұйқының қанбауы, бір орында отырып жұмыс істеу, жағымсыз әдеттер, стресс пен күйзеліс себеп болады дейді. Демек, бұл әдеттен тезірек арылуға кірісіңіз. Ол үшін үйде мына сусындарды дайындап ішсеңіз болғаны:



1) Қияр мен қызанақ сусынын жарты стаканнан араластырыңыз. Оған 1 шай қасық сарымсақ сусынын қосып ішесіз. Бұл емдік сусынды күніне екі рет таңертең және кешке қолдану керек. Емді үзбей 1 ай жүргізсеңіз, оң нәтижесін байқайсыз.



2) Қаражидек көздің көру қабілетін жақсартатынын білесіздер. Мұның есте сақтау қабілетін арттырып, мидың жұмысын жандандыратын да қасиеті бар екен. Ол үшін күніне 2 рет жарты стакан қаражидек ішіңіз. Емді таңертең және кешке жүргізу керек.



3) 2 дана ірі пиязды еттартқыштан өткізіп, сүзіп алыңыз. Оған сондай көлемде бал араластырып, 1 ас қасықтан қабылдайсыз. Емді күніне 3 рет қабылдау керек. Емделу мерзімі – 2 апта.



4) 2 литр лимон суына сарымсақтың 40 бөлігін езіп қосаңыз. Оны қою түсті немесе сырты қағазбен қапталған банкаға салып, аузын мықтап бекітіңіз. 25 күн бөлме температурасында сақталынады. Сарымсақтардың жақсы еруі үшін күн сайын шайқап тұру керек. Дайын болған тұнбаны таңғы астан жарты сағат бұрын жарты немесе 1 стаканнан ішіп тұрыңыз. Ыдыстың қақпағы әрдайым жабық болуға тиіс. Ішіне су немесе шекер, т.б. заттар қосылмасын. Тек ішер кезде ғана стаканға су қосуға болады. Мүмкін болғанша тұнбаны күнделікті бір уақытта іше отырып, тауысу керек.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



80 ТОННА ШӨП ЖӨНЕЛТЕДІ

Алматылық шаруалар Маңғыстау облысына арнап шөп орып жатыр. Бұл тұста Ескелді ауданының шаруаларына Ақсу ауданының азаматтары да қолдау көрсетуде. Өзірге 5 вагонға тапсырыс берген. Бірер күнде шамамен түбектегі елге 80 тоннадан аса шөп жібереді. Бұған дейін де аймақ белсенділері осындай көлемде шөп жөнелткен болатын.

ФОТОАЙҒАҚ

Абай көшесі бойындағы «Алатау» метро стансасының жанындағы көпқабатты тұрғын үйге жайғасқан «Технодом» сауда үйіне тиесілі аулаға отырғызылған ағаштар жаппай қурап қалған.

Бұл мекеме қаланы көгалдандыру саясатына қарсы ма, әлде шаһарымызды көркейтуге атсалысқысы келмей, оған немқұрайды қарағаны ма? Бұған кім жауапты?

С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ

Абай Дүйсенов еліміздің кең байтақ жерін жалғыз жаяу жүріп өтпек. Ол өз жетістігін ел мерейтойына арнайды. Қазір Алматыда тұратын Павлодар қаласының тумасы марафонын оңтүстік астанадан бастады. Бұл кездейсоқ емес, өйткені біздің даңқты қаламыз – Тәуелсіздіктің алтын бесігі саналады. Абай Қапшағай, Талдықорған,

Сарканд, Семей, Павлодарды жүгіріп өтіп, бүгінде Нұр-Сұлтан қаласына қарай бет алды. Оған әлемнің ірі шөлдерін жалғыз өзі жүгіріп өткен, әлемге әйгілі қазақстандық Марат Жыланбаевтың үлгісі шабыт берген.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

КӨКТИ КӨКТЕЙ СОЛДЫРҒАН мекемеге жаза бар ма?



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 499,08 тенге



USD/KZT 425,56 тенге



RUB/KZT 5,75 тенге



CNY/KZT 65,60 тенге